

Б.Б. Токишкадыров^{*1}, Қ.Қ. Байсарина², А.Н. Нұржан³

¹докторант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан Республикасы

E-mail: botabek87@mail.ru

²тарих ғылымдарының докторы, профессор, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан Республикасы

E-mail: bkksemey@mail.ru

³магистрант, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан Республикасы

E-mail: anurzhanova99@mail.ru

МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНАН ШЫҚҚАН КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ

Аңдатпа

Мақаланың мақсаты – ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашаршылық кезінде Моңғолия жеріне кетіп, сол жерде өмір сүрген қазақтардың тарихының қалыптасуы мен дамуына үлкен қосқан көрнекті қоғам қайраткерлерінің өмірі мен олардың атқарған қызметтеріне қатысты мәліметтер жинақтау. Сонымен қатар, осы қоғам белсенділерінің бүгінгі ұрпақтың өміріне алып келген мүмкіншіліктеріне талдау жасау.

Зерттеу жұмысының міндеттерінің бірі Моңғолия қазақтарынан шыққан қоғам қайраткерлерінің тұлға болып қалыптасуы мен дамуындағы маңызды тарихи оқиғалар оның себептерінің мәнін айқындау. Бүгінгі таңда сол кезеңдегі қайраткерлердің мемлекеттік және қоғамдық қызметтерінің рөлін бағалауда өзекті. Моңғолия қазақтары жайлы жазылған негізгі тарихи деректер мен мәліметтерді, халық арасында кең танылған ауызша әдебиеттерді сараптауға назар аударамыз.

Зерттеу жұмысының өзектілігі ретінде қайғылы да қасіретті жылдардың ауырлығына қарамастан білім алып, саясатқа араласып, халқына қызмет еткен тұлғалардың қызметтік кезеңдерін зерттеуді атар едік. Әсіресе өскелең ұрпақты ұлттық мәдени болмыстарын жоғалтпауға тәрбиелеудің бір құралы ретінде қайраткерлердің өмір жолын алға тартамыз. Сол кезеңдегі қоғам қайраткерлерінің қызметін келешек ұрпақтың санасына дұрыс жеткізе білу олардың бойындағы рухани құндылықтарды байыта түсетіндігі анық.

Зерттеудің нәтижесінде Моңғолия қазақтарының қалыптасу тарихында қызмет жасаған тұлғалардың игі істері зерттелді. Сонымен бірге, осы қайраткерлердің ізін жалғаушы қазіргі ұрпақтың оларды дәріптеу жұмыстарына баға берілді.

Кілт сөздер: қоғам қайраткерлері, тарих, көші-қон, репрессия, тарихи тұлғалар.

Токишкадыров Б.Б. ^{*1}, Байсарина Қ.Қ.², Нұржан А.Н.³

¹докторант Университета имени Шакарима города Семей, Семей, Республика Казахстан

E-mail: botabek87@mail.ru

²доктор исторических наук, профессор Университет имени Шакарима города Семей, Семей, Республика Казахстан

E-mail: bkksemey@mail.ru

³магистрант, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Республика Казахстан

E-mail: anurzhanova99@mail.ru

ВЫДАЮЩИЕСЯ ОБЩЕСТВЕННЫЕ ДЕЯТЕЛИ КАЗАХСКОЙ ДИАСПОРЫ В МОНГОЛИИ

Аннотация

Цель статьи - обобщение сведений о жизни и деятельности видных общественных деятелей, внесших большой вклад в становление и развитие истории казахов, которые во время голода 20-30-х годов ХХ века уехали на монгольские земли и остались там жить. Наряду с этим, проанализировать возможности, которые эти общественные активисты привнесли в жизнь нынешнего поколения.

Одна из главных задач исследовательской работы состоит в том, чтобы выявить сущность причин, которые повлияли на важнейшие исторические события в становлении и развитии личностей общественных деятелей Монголии казахского происхождения. Сегодня очень актуальна роль государственных и общественных деятелей того периода. Необходимо обратить внимание на анализ основных исторических данных и сведений о казахах Монголии, заострить внимание на устной

литературе, широко признанной среди населения.

Актуальность исследовательской работы заключается в изучении сложных периодов людей, несмотря на тяжелую трагическую жизнь, они получали образование, занимались политикой и служили своему народу. Жизненные пути деятелей являются примером для воспитания подрастающего поколения. Таким образом, можно сохранить и не потерять свою национальную культурную идентичность народа. Очевидно, что умение правильно донести деятельность общественных деятелей того периода до сознания будущего поколения, которое обогатит их духовные ценности.

В результате исследования были изучены добрые дела лиц, служивших в истории становления казахов Монголии. Вместе с тем, была дана оценка работам нынешнего поколения, продолжающих прославлять этих деятелей.

Ключевые слова: общественные деятели, история, миграция, репрессия, исторические личности.

*B.B. Tokishkadyrov*¹, K.K. Baisarina, A.N. Nurzhan*

*¹ doctoral student of the specialty History, Shakarim University of Semey,
Semey, Republic of Kazakhstan
E-mail: botabek87@mail.ru*

*² doktor of Historical Sciences, Professor Shakarim University of Semey,
Semey, Republic of Kazakhstan
E-mail: bkksemey@mail.ru*

*³ master's student, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Republic of Kazakhstan
E-mail: anurzhanova99@mail.ru*

OUTSTANDING PUBLIC FIGURES OF THE KAZAKH DIASPORA IN MONGOLIA

Abstract

The purpose of the article is to summarize information about the life and activities of prominent public figures who made a great contribution to the formation and development of the history of the Kazakhs, who during the famine of the 20-30s of the XX century left for the Mongolian lands and stayed there to live. At the same time, to analyze the opportunities that these social activists have brought to the life of the current generation.

One of the main tasks of the research work is to identify the essence of the reasons that influenced the most important historical events in the formation and development of personalities of public figures of Mongolia of Kazakh origin. The role of state and public figures of that period is very relevant today. It is necessary to pay attention to the analysis of the main historical data and information about the Kazakhs of Mongolia, to focus on oral literature, widely recognized among the population.

The relevance of the research work lies in the study of difficult periods of people, despite a difficult tragic life, they received education, engaged in politics and served their people. The life paths of the figures are an example for the upbringing of the younger generation. Thus, it is possible to preserve and not lose their national cultural identity of the people. It is obvious that the ability to correctly convey the activities of public figures of that period to the consciousness of the future generation, which will enrich their spiritual values.

As a result of the study, the good deeds of persons who served in the history of the formation of the Kazakhs of Mongolia were studied. At the same time, the works of the current generation, which continue to glorify these figures, were evaluated.

Keywords: public figures, history, migration, repression, historical figures.

Кіріспе. Дүние жүзінің бірнеше елінде өмір сүріп жатқан қазақ этносының өкілдері қазіргі таңда Моңғалия, Ресей, Өзбекстан, Түркия және тағы басқа да елдерге қоныстанып, өмір сүріп келеді. Өзіндік тарихи қалыптасу ерекшелігімен дараланатын Моңғолияда тұратын қазақтар шетелдегі қазақтардың ең ірілерінің қатарында саналатын этностың бірі. Қазақтардың бір бөлігінің Моңғолияға қоныстануы Қытайдың батыс бөлігін мекендеген қазақтардың бір бөлігі XIX ғасырдың екінші жартысында қазіргі моңғол жеріне немесе қазақтардың өздерінің атауы бойынша Қобда бетіне қоныстануымен бастау алады. Моңғолиядағы қазақ диаспорасы көп жылдар бойы атамекендегі қазақтармен қоғамдық құрылымы, саяси-экономикалық және мәдени өмірі ұқсас жүйеде өмір сүрді. Ал кеңестік дәуірде Моңғол елі де КСРО-ның құрамындағы одақтас республикалар сияқты социалистік даму жолындағы мемлекеттің бірі ретінде өмір сүріп, ондағы қандас ағайындар Қазақстанмен арадағы саяси-әлеуметтік, экономикалық және оқу-ағарту саласында тығыз байланыста болды[1]. Қазақ аймағы орнағанға дейін

қазақ зиялылары қалыптасуында ондағы қандастарымыздың қоғамдық, саяси және әлеуметтік-экономикалық және мәдени тұрғыда заман талабына сай әр салада жоғары білімді кадрларды дайындау қажеттілігі туындады.

Моңғол жерінде білім алуыларымен қатар, қазақ жеріне келіп, жоғары және орта арнайы оқу орындарында білім алып, атамекендегі қазақтармен қоян-қолтық араласып, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың жақсы сақтап қалды. Қазақ халқының арасындағы мәдени, рухани байланыстардың үзілмеуі, Моңғолиядағы қазақ зиялыларының қалыптасуына септігі мол болып, ықпал етті.

Моңғолиядағы қазақ аймағы орнағаннан кейін, ондағы аймақ басшылары жұмысының бір бөлігі әр түрлі қызметте: шаруашылық, мәдениет, білім беру салаларында ұлттық маман кадрлар дайындау ісімен айналысты.

Материалдар. Мақалада Моңғолия жеріне көшіп барған қазақтар жайлы жинақталған деректік және статистикалық материалдар пайдаланылды. Сонымен қатар, зерттеушілердің газет-журнал беттеріндегі мақалалары да деректік базаны ұлғайтты. Моңғолияның Баян-Өлгей аймағына жасаған сапарымызда жинақталған тарихи мәліметтер мақалаға нақты ақпараттар ұсына білді.

Әдіснама. Мақалада тарих және гуманитарлық пәндердің әдістері кең қолданылды. Тұлғалардың есімдерін анықтауда статистикалық әдіске сүйендік. Моңғолия қазақтарынан шыққан көрнекті қоғам қайраткерлерінің ұлт тарихы үшін атқарған қызмет жолын айқындау үшін тарихи-салыстырмалы әдіс іске қосылды. Зерттеу барысында соңғы уақыттарда қалыптасып келе жатқан жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдары, жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан жазылған еңбектер басшылыққа алынды. Мәселе нақты тарихи қажеттілік, тарихи тағылым, тарихи процестің объективтілігі тұрғысынан қарастырылды.

Нәтижелер және талқылау. Халықтың нағыз ортасынан шыққан қоғам қайраткерлерінің қалыптасуы қоғамда саяси-әлеуметтік үдерістерді жаңартушы рөл атқарды. Демек, әрбір халықтың ішінен шыққан ұлт өкілдері өз кезеңіндегі тарихи оқиғаларын ой елегінен өткізіп, тарихи оқиғаларды толығымен түсініп, ата-бабаларымыз қандай қилы тағдырды басынан өткізгенін саралайтын тарихи тұлғалар бар. Бүгінде ел үшін еңбек ету, ел азаматы болу, ел, ұлт тағдыры үшін қоғам дамуының барлық кезеңдерінде көпшілікке ұйықты болу, көпке ой тастап қауымды орға жықпай шыңыраудан аман-есен алып шығу оңай шаруа емес. Бұл әр азаматтың басына түскен жүгі ауыр сын.

Тарихтың, ұлттың ұйытқысы қашанда адамдар, оның зиялы тобы. Жылдар жылжып өткен сайын ондай кейіпкерлердің өмірбаяны ескіріп, қайсы біреулері ешбір естеліксіз қалып жатады. Өткенді бүгінгі біз ұмытсақ, ертең біздің буынды келер ұрпақ ұмытады. Сөйтіп тарихтың беті күнгірт тартып, ұрпақтың ара жалғастығына сызат түседі. Міне осы жағдайды ескере отырып Моңғолиядағы қазақтардың тарихы төңірегіндегі бұл мақалаға сол тарихты жасауда белгілі рөл атқарған азаматтардың өмірбаянынан, қызметтік жолынан үзінді келтіруді жөн көрдік. Тарихи кейіпкерлердің өмірбаян тізбегіне сонау өткен ғасырларда Қобда асып жосыған бір бөлім ауылдың көшін бастаған, аймақ басқарудан министрлікке дейінгі лауазымды қызмет атқарған, мемлекеттік ұлы құрылтайдың мүшелері қатарлы Моңғолияның саяси және қоғам қайраткерлері, ғылым докторлары мен халық әртістері, мемлекеттік сыйлықтың иегерлері, ақын, күйшілері мен Моңғолия қазақ әдебиетінің белгілі өкілдері, сазгерлер одағының мүшелері тәрізді халықтың белгілі азаматтары еніп отыр [2]. Әрине, Моңғолиядағы қазақ қауымының көрнекті өкілдері мұнымен тәмәмдалмақ емес. Аға буынның ізін басып өмірге жаңа ұрпақ келе жатыр. Олардың өмірде, тарихта өз үлесі бар, халыққа берері әлі алда. Олар туралы келешекте талай-талай шежіре жазылар.

Моңғолиядағы қазақтың зиялы өкілінің бірі - Дәлелхан Сүкірбайұлы қазақтың белгілі саяси, қоғам қайраткері. 1904 жылы Баян-Өлгий аймағы Цэнгэл сұмынының елді мекенінде Сүкірбай тәйжінің отбасында өмірге келген. 1922 жылы 18 жастағы Дәлелхан ағалары Дөрбетхан, Мұхаммен бірге орыстың қашқын генералы Бакичтің қолына түсіп әрез құтылған. Осы жылдардан Шеруші хошунның басқарады. 1928 жылы Уланбатырда үкіметтің V құрылтайына қатысады. Құрылтайдың шешімінен көңіліне күдік алып қайтқан Дәлелхан сол жылы Шыңжан асып кетеді. Шыңжанда қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысына қатысады. 1941 жылы Кеңес Одағына өтіп, қайтқан жолында 1943 жылы маршал Х.Чойбалсанмен жолығады. Шыңжанда Шығыс Түркістан уақытша үкіметтің төрағасы, әскери қолбасшы, Шыңжан халық батыры лауазымына ие болған қазақтың белгілі қайраткері. 1949 жылдың 27 тамызында ұшақ апатынан белгісіз жағдайда қаза болған [3].

Сүкірбайұлы Дәлелхан күллі қазақ тарихынан өз орынын алатын қоғам қайраткері, өз ұлтының жанашыры болаған тұлға болып саналады. Маңғол елінің жерінде оның өшпестей ізі бар. Шет жерде қазақ мәдениетін дамытуға үлкен үлес қосқан Дәуітбай Тауданбекұлы Моңғолияның мемлекеттік алғашқы ұлы құрылтайының өкілі, Тұлбакөл шайқасы тұсында қызылдарға қол ұшын берген көзі ашық азамат, күйші-сазгер.

1873 жылы Батыс Моңғолия жерінде Уланхуста дүниеге келген. Әкесі әйгілі ақын Тауданбек. Өз бетімен маңғолша, қазақша, орысша хат таныған, елге беделді, саясатта белсенді адам болған. Шеруші хошун басшысы Сүкірбайұлы Дәлелханға хатшы бола жүріп 1924 жылы мемлекеттің алғашқы құрылтайына қатысып, қазақ атынан баяндама жасап бес дүркін жарыссөзге шыққан. Сол жылы Т.Рысқұловпен танысып, Моңғолия астанасын «Уланбатыр» деп атауына ой-пікірін қосып, қызу қолдаған адам.

1921 жылы К.Байкалов отряды «Саруул гун» хурээнінде ақтардың қоршауында қалған тұста оларды құтқаруға үлесін қосқан. Керейге кең тараған «Арнау», «Жалама айдаған», «Жаяу солдат», «Ертіс толқыны», «Қайран Бежен», «Тарту» күйлерінің авторы. 1937 жылы саяси жаламен қызыл нәубеттің құрбаны болған [3].

Баян-Өлгий қазақ аймағын құруда белгілі рөл атқарған Қаби Бәжіұлы Моңғолияның саяси және қоғам қайраткері. 1900 жылы Батыс Моңғолияның мекені Дайында туылған. Моңғолиядағы Ресейдің «Шерстторг» компаниясында қызмет істеуден еңбек жолын бастаған ол орыс және маңғол тілін үйреніп, хат таниды. Шеруші хошун басшылығының орынбасары, Қобда аймақ әкімшілігі басшысының орынбасары қызметтерін атқарып жүріп 1940 жылы үкіметтің VIII съезіне өкілдікке қатысып, 1940 жылы тамыз айында Баян-Өлгий аймағының алғашқы басшысы қызметіне тағайындалды. Қазір Баян-Өлгий аймағының Өлгий қаласының орталық алаңы Қаби атымен аталады. Сонда Қабиға арналған ескерткіш орнатылған [3].

Жеңісхан Дүзелбайұлы Баян-Өлгий аймағы алғаш құрылған аса күрделі кезеңде аймақтық партия комитеті мен әкімшілігін 7 жыл басқарған, қазақ аймағының есеюіне белгілі үлес қосқан азамат. Моңғолияның Баян-Өлгий аймағы Уланхус елді мекенінде 1905 жылы туылған. Өз бетімен хат танып, кейін МХРП Орталық Комитетінің жанындағы сааяси жоғары оқу орнын бітірді. Еңбек жолын жұмысшыдан бастаған ол 1942-1943 жылдары аймақтық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1943-1951 жылдың аяғына дейін аймақ әкімшілігінің төрағасы, аймақтық сауда ұйымының бастығы қатарлы жауапты қызметтер атқарды.

1942 жылы Бәжіұлы Қабиды аймақ әкімшілігі төрағасы, ал Жеңісхан Дүзелбайұлын 1943 жылы партия комитетінің бірінші хатшысы қызметінен босатып, екі орынға да моңғол адамын тағайындағаны ұлт саясатындағы қателік болатын. 1943 жылдың 2 қазанында болған Хужирт босқыны да осының әсері еді. Жеңісхан бұл қателікті кезінде партия мен үкіметтің алдында ашық айтқан адам болған. 1992 жылы 87 жасында қайтыс болған [3].

Алғашқы қазақ генералдарының бірі, аты аңызға айналған әскери ұшқыш - Мукрас Зайсанов. 1916 жылы Зайсан өңірінде туылған. Тағдыр айдап 1926 жылы он жасында Моңғолияға келіп сонда біржола қалып қойған. Кеңес Одағында және Моңғолияда әскери орта мектепті, Ресейдің Тамбов қаласында әскери ұшқыштар даярлайтын училищені және жоғары курсы бітірген.

1945 жылы Жапониямен болған ұрыста көрсеткен асқан ерлігі үшін генерал-майор атағына ие болып, кейін Моңғолия әскери-әуе күштерінің бас қолбасшысы лауазымына дейін көтеріледі. 1945-1947 жылдары Гоминдан отрядымен болған ұрыста асқан ерлік көрсеткен. Ол ресми түрде батыр атағына ие болғанымен әскери ерлігі, ұшудағы асқан шеберлігі үшін аты аңызға айналған «халық батыры». 1976 жылы қайтыс болып, Уланбатырда «Алтан Өлгийде» жерленген [3].

Зобалаң жылдар кезеңінде Қобда аймақ әкімшілігінде қызмет еткен белді қоғам қайраткерінің бірі Мұқан Жылыбайұлы. 1894 жылы Алтайдың Шыңжан өлкесінде туылған. 1911-12 жылдары Қобда бетіне қоныс аударғаннан кейін 1926-1928 жылдары Қобда аймақ әкімшілігінде қызмет жасады. 1928 жылы VI айда Моңғолияның тұрақты парламенті кіші құрылтайының басқарма мүшелігіне сайланып, Ұлт Кеңесі төрағасының орынбасары қызметін 1930 жылға дейін атқарған. Кейін Ұлы халық хуралының депутат-тығына сайланған. 1940 жылдан жергілікті шаруашылық ұйымдарына қызме атқарып, 1971 жылы 77 жасында қайтыс болған [3].

Мақабыл Оспанұлы - Моңғол қазақтары арасынан Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университе-тінде (КУТВ) оқыған бес қазақтың бірі. 1909 жылы Шерушінің саңырау руының биі Оспан жанұясында дүниеге келген. Бала жасынан татар Ахметжардан (Үшкір молла) діни дәріс алып хат таныған. 1932 жылы КУТВ-ті бітіріп келгеннен кейін қазақ арасында алғашқы жастар ұйымын құру ісіне белсене араласады.

1938 жылы Моңғолия үлес қосушылар одағының (Cooperation) X съезіне өкіл болып қатысып, одақтың басқарма мүшесі және азық-түлік (мал-мах) бөлімі бастығы болып тағайындалады. Бір жағынан Жапония, бір жағынан неміс қысқан бұл жылдары Мақабыл Оспанұлының атқарған қызметі Моңғол елі үшін маңызды да күрделі еді. Ол жүктелген міндетті ойдағыдай орындалғаны үшін «Еңбек Қызыл ту» орденімен үш мәрте марапатталады. Моңғолия үкімет делегациясы құрамында Қазақ КСР-інің 25 жылдық мерекесіне қатысады. Мақабыл Оспанұлының отбасы Моңғолия астанасы Уланбатырға көшіп барған алғашқы қазақ отбасының бірі. Зайыбы Әйенбөпе Уланбатырдағы қолөнер артелінде

мастер болып қызмет істеп, МХРП XIII съезіне делегат болып қатысты. Мақан 1962 жылы қайтыс болады. Ұрпағы қазір Моңғолия мен Қазақстанда тұрады [3].

Моңғол жерінде жүріп ұлты үшін мектеп ашу ісіне белсене араласқан қайраткерлердің бірі - Самыхан Өкшебайұлы 1897 жылы дүниеге келген. Жасынан қазақша және моңғолша хат таниды.

1925-1926 жылдары Бөхмөрөнде орыс мамандарының қол астында жұмыс жасай жүріп орыс тіліні ұғады. Ол оқу-ағарту ісінің қайраткерлерінің бір: 1926 жылы Бұғы аралында, 1928 жылы Қызылқайында, 130 жылы Тұлбада мектеп ашу ісіне белсене араласады. 1927 жылы қазақ арасында Қызылқайында құрылған МХРП ұйымының алғашқы 66 мүшесінің бірі. 1930 жылдары Комитерн тапсырмасымен Моңғолияға келген Шәріп Өтепов, Абай Қасымовтың басшылығында халық арасында жаңа заман саясатын насихаттау, партия, жастар ұйымдарын құру жұмысының алғы шебінде жүреді.

1937 жылы Қобда аймағы (ол кезде Баян-Өлгий қазақ аймағы құрылмаған) сауда ұйымын басқарады. 1932-1936 жылдары Моңғол мемлекетінің сауда министрінің орынбасары болып қызметке көтерілген алғашқылардың бірі. Самыхан Өкшебайұлы белгілі ақын. Ол өз қабілетін шыңдай жүріп, халық оқу-ағарту, сауда саласында елеулі рөл атқарған қайраткер. Самыханның ұлы Қинаятта Баян-Өлгий аймағында көп жылдар бойы басшылық қызметте болған белгілі азаматтардың бірі [3].

Моңғолия қазағынан шыққан алғашқы министр – Тілейхан Орынұлы Моңғолия республикасына еңбегі сіңген құрылысшы, қоғам қайраткері. 1923 жылы Баян-Өлгий Улан Хуста туылған. Моңғолияның Мемлекеттік университетін және Уланбатыр мен Алматыдан партияның жоғары саяси мектебін бітірген.

Еңбек жолын 1944 жылдан бастаған. 1962-1964 жылы құрылыс және құрылыс материалдары министрі, 1964-1965 жылы Орталық Партия Комитетінің бөлім меңгерушісі, 1968-1982 жылға дейін құрылыс және құрылыс материалдары министрі болған. Моңғолияның Ұлы халық хуралы депутаттығына бес рет, партияның съездеріне делегат болып үш рет сайланған. Тілейхан Орынұлы Моңғол-болгар Достық қоғамын көп жылдар бойы басқарып келді. Күрделі министрлікті басқара жүріп қазақ аймағының әр жақсы өміріне үнемі көңіл бөлетін азамат болған [3].

Ахмет Жұпбайұлы - Моңғолия қазақтары ортасынан Мәскеуде алғаш инженерлік диплом алған және министрлік дәрежесіндегі Мемлекеттік комитетінің алғашқы төрағасы болған адам. Аудармашы, белгілі баспагер. 1930 жылы Баян-Өлгийде туылған. Мәскеуде полиграфия институтын, Уланбатырда партия Орталық Комитетінің жанындағы жоғары саяси мектебін бітірген. Еңбек жолын орта мектептің оқу жетекшісі қызметінен бастаған ол кейін Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік баспа ісін басқару комитетінің төрағасы, Моңғолия мәдениет министрінің бірінші орынбасары, министрдің міндетін атқарушы қатарлы жауапты қызметті 40 жылдай атқарды. Қазір дербес зейнеткер.

Мұхтар Әуезовтің «Абай», Сәбит Мұқанотың «Ботагөз», Әнуар Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романдарының моңғол тіліндегі аудармаларын өңдеп, бастырушы, Б.Базылханның «Қазақша-моңғолша сөздігінің» редакторы. Қазақстан жазушыларының біршама еңбектері моңғолшаға аударып, басылуына қамқоршы болған азамат [3].

Моңғолия қазақтарының арасынан шыққан тұңғыш ғылым докторы Мініс Әбілтайұлы Баянөлгий аймағында туған. Орта мектепті бітірген соң Ұланбатыр қаласындағы марксизм-ленинизм университетінде оқып, жоғары білім алған. Еңбек жолын Баянөлгий аймағының оқу бөлімінде нұсқаушы, аймақтық «Өркендеу» газетінің редакторы, Ұланбатыр қаласында баспа комбинатының редакторы қатарлы қызметтермен бастаған.

1954 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінде үш жыл дәріс алып, оқуының қалған жылдарын Моңғолия мемлекеттік университетінде жалғастырып, 1958 жылы бітіреді. 1958-1962 жылдары Жоғарғы партия мектебінде ұстаз, кафедра меңгерушісі, Х.Чойбалсан атындағы Моңғолия мемлекеттік университетінде ұстаздық қызметтерін атқарады.

1960 жылдан 1990 жылға дейінгі аралықта партия орталық комитетінің жанындағы қоғамдық ғылымдар институтында жұмыс істеп, кіші ғылыми қызметкерден директорлыққа дейін көтеріледі. 1964-1967 жылдары Москвада қоғамдық ғылым академиясында аспирантурада оқып, тарих ғылымдарының кандидаты, 1973 жылы аталмыш академияда докторлық диссертациясын қорғайды. Оның кандидаттық және докторлық диссертациясы Моңғолиядағы ауыл шаруашылығының тарихи өзгерістеріне арналған.

Мініс Әбілтайұлы ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романын тәржімалап, моңғол тілінде жарыққа шығарған. Сондай-ақ «Моңғолша- қазақша сөздік» (1951), «МХР-ның Баян-Өлгий аймағындағы қазақтар тарихы» (1960), атты шығармалардың авторы. «Моңғол Халық Республикасының тарихы», «Моңғол Халық Революциялық партиясының қысқаша тарихы» атты біріккен тарихи еңбектерге автор ретінде қатысқан.

Мініс Әбілтайұлы 15 монографияның, 20-дай біріккен монография, 150-дей ғылыми мақала және көптеген баяндамалардың авторы. Оның жазған еңбектері моңғол, орыс, қазақ, поляк, чех, неміс, француз, вьетнам, лаос, парсы тілдеріне аударылған.

1991 жылы профессор атағына ие болған белгілі ғалым Мініс Әбілтайұлы 1992 жылы Қожа Ахмет Иассауи атындағы Халықаралық Қазақ- түрік университетінің арнайы шақыруымен атажұртына көшіп келіп, аталмыш білім ошағының тарих кафедрасында профессорлық қызмет атқарды. Моңғолиядағы қазақ диаспорасы жайлы және көрнекті қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың Моңғолиядағы қызметі, XVII-XVIII ғасырдағы қазақ пен жоңғарлар арасындағы күрделі қатынастар туралы көптеген еңбектер жазып қалдырды. 2012 жылы 85 жасынан асқан шағында өмірден озды [4].

Моңғолия қазақтарынан шыққан алғашқы геолог-ғалым, саяси, қоғам қайраткері - Тегісшіл Адрисаулы Баян-Өлгийдің Ақсу сұмыны елді мекенінде 1928 жылы туылған. 1962 жылы МХРП Орталық Комитетінің жоғары саяси курсы, 1963 жылы Мәскеудің геология барлау институтын бітірген. 1971 жылы геология-минералогия ғылымының кандидаты дәрежесін қорғады.

Еңбек жолын МХРП Орталық Комитетінде лекторлықтан бастаған ол кейін Увс аймақтық партия комитетінің бірінші хатшысы, Геология және Тау-кен министрінің орынбасары, аталмыш министрліктің жанындағы геологиялық зерттеу басқармасының бастығы және орынбасары қатарлы жауапты қызмет атқарады. Ғылыми салада Моңғолия жер қойнауына алтын сақтаған мекендерін анықтауда елеулі үлес қосты. Ер көңілді қарапайым қазақ азаматы ретінде халыққа танылған адам. 1988 жылы қайтыс болды [3].

Бәзілхан Бұқатұлы 1932 жылы Моңғолияның Баянөлгий аймағында дүниеге келген. 1960 жылы ел мемлекеттік университетінің моңғол тілі бөлімшесін тәмамдаған соң, Моңғолия Ғылым академиясында 36 жыл бойы түркі, моңғол, тұңғыс-манжу, жапон, корей тілдерін салыстырып зерттеді.

Бәзілхан Алтайстикада теориялық және методологиялық жаңа қадам жасады. Соның нәтижесінде ол дүниежүзілік әйгілі алтайстердің қатарын көтерілген. Моңғолиядағы қазақтардың ортасынан шыққан көрнекті ғалым Бәзекең қазақ, моңғол тіл маманы және осы тілдердің салыстырмалы зерттеуінің негізін салушы. Филология ғылымдарының докторы, профессоры, халықаралық Моңғолтану одағының мүшесі Моңғол Республикасы ҒА-ның бірінші дәрежелі сыйлығының иегері.

Бәзілхан Бұқатұлы – Алтайстика тұрғысынан қазақтану мен түркологияға және моңғолтануға байланысты алпыстан астам мақала мен жиырмаға жуық оқулықтардың, монографиялық еңбектердің, академиялық сөздіктердің авторы. Осы орайдағы оның ең негізгі еңбектері: «Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы» (1996), «Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің сөз құрылымы» (1984), «Қазақша-моңғолша сөздік» (1977), «Моңғолша-қазақша сөздік» (1984), «Моңғолия-дағы қазақтардың тілі» (1991) атты монографиялық сөздіктер, Моңғолиядағы қазақ мектептерінің 5-6 сыныптарына арналған «Моңғол тілі» (1963, 1968, 1979, 1985, 1989) атты оқулықтар және «Қазіргі моңғол тілі синтаксисі» (1988), «Қазіргі моңғол тілі» (1994 – академиялық грамматикасы) атты оқулықтар. Сондай-ақ ол жүз мың сөзді қамтыған « Моңғол тілдерінің үлкен түсіндірме сөздігі» авторларының бірі.

Бәзілхан Бұқатұлы Моңғолиядағы қазақтардың тіліне, ауыз әдебиетіне, әдет-ғұрыпына қатысты көптеген деректер жинады. Моңғол академиясының бұл жағынан зерттеу жүргізетін қазақ бөлімшесін Баян-Өлгий аймағында ашу туралы мәселені тұңғыш рет көтерді. Бұл идеясы 1988 жылы толық шешілді. Б. Бұқатұлы 1994 жылы атамекеніне көшіп келгені де елден ерек болды. «Боинг» ұшағына киіз үйін тиеп, Ұланбатыр қаласынан Алматыға келіп түскен қазақтан шыққан ұла жанды азаматы [5].

Моңғолияның Батыры атағына ие болған жалғыз қазақ - Ікей Мәзімұлы. Баян-Өлгий аймағының Дэлун өлкесінде 1912 жылы туылған. Өз бетімен хат таныған ол 1929 жылы Қобда аймағында мұғалімдер даярлайтын курсқа оқуға түседі. 1931 жылы Уланбатырда Д.Сухэбатор атындағы әскери училищеде оқып, 1934 жылы лейтенант әрежесінде оқуын тәмамдайды. Бірер жыл астанада әскери қызметте болады.

1939 жылы Моңғолияның шығысында Жапониядан қауіп төнеді. Моңғолия халық армиясы қайта жасақталып, Кеңес Одағының Қарулы Күштерімен бірлесіп Жапониядан төнген қауіпке қарсы тұрды. Осындай қиын кезеңдерде лейтенант Ікей Мәзімұлы Моңғолияның 15-атты әскер полкінің 4 бөлімшесін басқарып 1939 шілде айының басындағы алғашқы шайқаста ерекше көзге түсті. Шілденің 20-24 күндері болған шайқаста шабуылдың алдыңғы шебінде жүріп, аңдаусызда қарсы жағының теңдесі жоқ қарулы күшінің қоршауында қалып, ерлікпен қаза тапты. 1979 жылы Халхин-Гол жеңісінің 40 жылдық мерейтойына орай Халхин-Голда ерлікпен қаза тапқан Ікей Мәзімұлына «Моңғолияның Батыры» атағы берілді. Батырдың туған жері Дэлунде ескерткіші тұрғызылды [3].

Ікей Мәзімұлының шайқастардағы ерлігімен танымал болған қазақ Моңғолия елінде «Зуха Сайд» (министр Зұқа) деген атпен кеңінен мәлім. Мұның мәнісі – оның көшпенді қазақтың киіз үйінде дүниеге

келіп, әлемдік деңгейдегі құрылыс өнерінің қыр-сырын жете меңгеруімен Моңғолияның Құрылыс және құрылыс министрлігінің жоғарғы лауазымды басшылығына дейін көтерілген, Маңғолияның құрылыс саласын көтерген белгілі маман болып табылады.

Зұқа Жапарұлы 1939 жылы Баянөлгий аймағында қарапайым қазақтың отбасында туған. Осында қазақша орта білім алған соң Моңғолияның Мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, оны 1961 жылы үздік бітіреді.

Жас маман алғашқы қадамда-ақ жоғары жауапкершілікті қызметтерге араласып, 1963-76 жылдар аралығында социалистік бауырлас елдердің ЭӨКС-тің құрылыс салсындағы комиссиясының Моңғолия-дағы өкілеттігінің жетекшілік қызметін атқарып тұрды. Сол тұста ЭӨКС-тің 12 ел тіліндегі термино-логиялық түсіндірме сөздігінің моңғол редакциясын басқарған еді. 1972-жылдан Моңғолияның құрылыс министрінің орынбасары қызметін атқарып, 1976 жылы Моңғол мемлекеті Министрлер Кабинетінің Құрылыс, архитектура комитетінің бірінші орынбасары қызметіне дейін көтерілді.

Зұқа Жапарұлы тек басшылық лауазымдарды ғана атқарумен қатар, сол кездегі Кеңестер Одағынан дайындалып келетін құрылыс жобаларын жергілікті ерекшеліктерге сай өзгертуге тәуекел еткен «жүрек жұтқан маман» еді. Өз ісінің ақиқаттығын дәлелдеу үшін ол кезінде жоғары ғылыми дәрежедегі 14 түрлі өнертапқыштық жасап, аса құнды ақша 10 миллиондай төгрөг (моңғол теңгесі) үнемдеген.

Зұқа Жапарұлы өз халқы үшін адал қызмет жасайтын патриот қана емес, аса ұлтжанды азамат екендігін өз туған аймағының қазақтарын құрылыс өнері саласына ерекше баулығанымен де дәлелдеді. Баян-Өлгий аймағының қазақ жұмысшыларынан ұйымдастырылған көшпелі құрылыс трестері елдің көптеген өлкелерінде қазақ оюлы ондаған мәдениет сарайлары мен көп қабатты тұрғын үйлерді салды.

Тарихи Отанына алғаш жол бастаған қандасымыз 1991 жылы, наурыз айының 22-сі күні ол Моңғолия қазағының ең алғашқы көшін бастап атамекеннің Сарыөзек өлкесіне келіп жеткен еді. Жоғарғы лауазымын, 30 жылғы еңбегінің жемісін тәрк етіп, «Қазағым үшін» деп тәуекел етіп келу – тек биік адамгершіліктің иесіне ғана тән [6].

Моңғол еліне еңбек сіңірген мұғалім - Ақтышхан Үркінұлы еді. 1920 жылы Улан Хус елді мекенінде туылған. Өз бетімен хат танып, кейін мұғалімдер даярлайтын курсты мұғалімдер училищесін бітірген. Өзінің 40 жылдан астам саналы өмірін ұстаздық етуге арнаған, одан еш жалықпаған жан. Ақтышхан Үркінұлының білім беру жүйесіндегі әдістемелері Республика көлемінде үлгіге айналды. Ол бастауыш мектептерге арналған бірнеше оқулықтардың авторы. Моңғолиядағы қазақ зиялыларының бірнеше буын ұрпағы сол кісіден тәлім алды, бүгінде олар Ақанды «ұстазым» деп мақтанышпен атайды. Ақаң мұғалім осынау елеулі еңбегі үшін 1966 жылы «Моңғолияға еңбек сіңірген мұғалім» атағымен марапатталды [3]. Ақаң өмірден өтті, бірақ ол кісінің шәкірттері ұстаздық ісін жалғап келеді.

Моңғолия еліне танымал жазушы-журналист Мағауия Сұлтанияұлы 1921 жылы Баянөлгий аймағының Бұлғын сұмында туған. Орта мектептен кейін 1964 жылы Журналистік жоғары оқу орнын бітірген. Моңғолиядағы қазақтың қазіргі заман әдебиеті мен кәсіби журналистиканың негізін қалаушы аз зиялылардың бірі. Сонымен бірге Моңғолияның көне әдеби мұралары мен қазіргі заман ақын-жазушыларының туындыларын қазақ тіліне тұңғыш тәржімалаушы.

Ол Қазақстан жазушыларының да бірнеше шығармаларын моңғол тілінде сөйлетті. Мысалы белгілі ақын Жұбан Молдағалиевтің «Мен – қазақпын» поэмасының аудармасы. Ол Моңғолиядағы қазақ басылымы «Жаңа өмір» газетінің 1954-1983 жыл арасындағы бас редакторы болып қызмет істеді. Мағауия Сұлтанияұлының әдебиеттегі тырнақ алды туындысы 1972 жылы Өлгий қаласында «Ешкімге айтпа» деген атпен шықты. Ол «Отан ұлдары» (1974), «Өмір өрнегі» (1975), «Мамық» (1978), «Менің ұстаздарым», «Мамық» повестері моңғол тілінде жарық көрді.

Мағауия Сұлтанияұлы моңғол ұлтының мақтанышы, әлем әдебиетінің алтын қорынан орын алатын «Моңғолдың құпия шежіресін» түпнұсқадан қазақшаға тәржімалағаны үшін Жазушылар одағының сыйлығын алды. Мақаң бұрынырақ осы елдің «Бұйымын батыр», «Шыңғыстың қос тұлпары» атты эпостарымен қатар, әйгілі «Гэсер», «Жаңғар» дастандарын қазақ тілінде сөйлетіп отыр. Моңғолияның әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесін жоғары бағалаған моңғол үкіметі Мағауия Сұлтанияұлына 1996 жылы «Моңғолдың көркемөнеріне еңбегі сіңген қайраткер» атағын берген [7].

«Моңғолия қазақтарының тарихы мәселелері» тақырыбында Қазақстан Ғылым академиясының тарих-этнология институтында тарих ғылымының докторы дәржесін қорғаған. Ислам Қабышұлы Маңғолия қазақтарының әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірін зерттеп, тарих ғылымына елеулі үлес қосқан тарихшы-ғалым. Тарих ғылымының докторы, жазушы, аудармашы, журналист. Баян-Өлгий аймағы Хужирет елді мекенінде 1939 жылы туылған. 1967 жылы Моңғолия Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген.

Көп жылдар бойы журналистика саласында еңбек етті. Ол өзінің «Керейлер керуені» (1978), «Моңғолия қазақтарының тарихы» (1980) атты тарихи шешіре шолуы және «Ұрпағың үзілмесін» романы арқылы оқушы қауымға көптен таныс. Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» әңгімесін, Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» романын мұңғылшаға аударды. Баян-Өлгий аймағында Моңғолия Ғылым академия-сының қазақтану орталығын құрушылардың бірі [3].

Ол «Парасат» (бұрынғы «Мәдениет және Тұрмыс») журналында 19 жыл қызмет етіп еңбек демалысына шықты. Ғұмырында ұлтжанды мінезінен тайған емес. Кейінгі ұрпаққа тіл үйретуде ұлттық әдет-ғұрып, салт-санасы жөнінде этнографиялық зерттеулермен шұғылданып, «Қырандар» (1983), «Саят» (1983), «Мал ауруларының қазақша атаулары» (1986) деген кітаптар шығарды [8]. Шет жерде жүріп қазақтың салт-дәстүрін дәріптеп, рухани мәдениеттің дамуына өз үлесін қосқан журналист маман болды.

Моңғолиядағы қазақтардың арасынан Кеңес Одағында Шығыс халықтарының коммунистік университетін (КУТВ) бітірген екі қазақтың бірі - Шолтай Советұлы (бірі – Нәжікешұлы Оразбай). Моңғолияға еңбек сіңірген мұғалім атағын алған алғашқы қазақ, революциялық қозғалыстың арадагері.

Баян-Өлгий Улан Хус өлкесінде 1911 жылы туылған. 1930-1932 жылдары Мәскеуде жоғарыда аталған университеттің екі жылдық курсы бітіргеннен кейін 30 жылдан аса өмірін оқу, ағарту ісіне сарп етті. Қазақ аймағында жаңа заман тұрғысындағы мектеп жүйесінің қалыптасуына елеулі үлес қосты. Баян-Өлгий аймағынан шыққан бүгінгі қазақ зиялыларының ішінде Шолтай мұғалімнен дәріс алмаған кемде-кем. Ол осы еңбектері үшін 1960 жылы «Моңғолияға еңбек сіңірген» мұғалім атағына ие болды. Мемлекеттік дәрежедегі дербес зейнеткер Ш. Советұлы 1974 жылы қайтыс болады [3].

Моңғолияның Геология және Тау-Кен министрі болған, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мәулет Утханұлы 1937 жылы Баян-Өлгий Тұлба сұмыны елді мекенінде туылған.

1964 жылы Ленинградтың Тау-Кен институтын бітірген. Еңбек жолын жұмысшыдан бастаған ол 1978 жылы Мәскеудегі «СЭВ» атқару орталығында тұрақты өкіл, 1980-1988 жылдары Моңғолияның Геология және Тау-кен министрі, 1988-1990 жылдары табиғи ортаны қорғау министрі қызметін атқарды. Техника ғылымының кандидаты. Мемлекеттік Ұлы хурал депутаттығын үш дүркін сайланды. 1971 жылы «Налайхан» көмір қазғанында жаңа технология жүйесін енгізген елеулі еңбегі үшін Моңғолияның мемлекет сыйлығының лауреаты атағын марапатталды. Моңғол үкіметінің аппаратында референт қызметін де атқарды [3].

Хайрулла Жәлеұлының медицина саласындағы жетістіктері Моңғол халқы үшін әрқашан жоғары бағаланады. Белгілі нейрохирург, Моңғолияның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, медицинаға еңбек сіңірген қайраткер. Баян-Өлгий аймағы Бұлғын сұмыны елді мекенінде 1930 жылы туылған. 1956 жылы Моңғолия Мемлекеттік университетінің медицина факультетін бітірген. 1957 жылдан Уланбатырдағы мемлекеттік III, II емдеу орындарында хирургия мамандығы бойынша қызмет атқарумен қатар медицина институтын хирургиядан дәріс берді, доцент. Моңғолияда бетке ұстайтын білікті, қолы шипалы дәрігер-хирургтің бірі болды, талай жанды ажал аузынан алып қалды.

Осынау елеулі еңбектері үшін 1993 жылы Моңғолияның Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Хайрулла Жәлеұлы сегіз қырлы, бір сырлы азамат. Медицинамен қатар, қаламгерлік жолды да ұстаған азамат Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын моңғол тіліне аударушылардың бірі [3].

Медицина саласындағы білгір дәрігер, адам жанының арашасы болған Уатқан Жарқынбайұлы 1931 жылы Моңғолияның Баян-Өлгий аймағында дүниеге келген. 1955 жылы Моңғолия мемлекеттік университетінің медицина факультетін тәмамдаған соң, Увс, Хэнтий, Баян-Өлгий аймақтарының, денсаулық сақтау басқармаларында бас дәрігер, қызметін атқарып, 36 жыл еңбек етті.

Моңғол өкіметі абыройлы еңбегін жоғары бағалап, оны мемлекеттік «Алтын жұлдыз» орденімен екі мәрте, Моңғол Халық революциясының 40, 50, 60 жылдық мерекелік медальдарымен, «Денсаулық сақтау жүйесінің үздік қызметкері» белгісімен марапаттады. Моңғол Халық Революциялық партиясының XIV ұлы құрылтайына, Моңғол Қызыл одағының II, III ұлы құрылтайларына делегат болды.

Уатқан Жарқынбайұлы – Моңғолия қазақтарының арасынан шыққан алғашқы оташы. 1955 жылы шалғайдағы бауырларымыздың соқыр ішек, ішектің түйілуі, жырық сияқты түрлі ауруларды операциялық жолдармен жазу арқылы халқымыздың мақтанышына бөленген. Ол медицина тақырыбында «Өзінді өзің сақтай біл», «Адам және табиғат», «Ауыл – үй гигиенасы» атты кітаптар жазды.

Моңғолия қазақтарының тұңғыш дәрігерлерінің бірі – Уатқан Жарқынбайұлының өмір жолы ақын Ж. Икранбектің «Арбасу», драматург-жазушы М. Құрманханның, «Алғашқы қадам» әңгімесінде ақын Б.Имашханның «Дәрігер туралы» поэмасында айшықты суреттелген. 1991 жылы атамекеніне біржола көшіп келген У.Жарқынбайұлы тарихи отанына оралды [9].

Жамлиха Шалұлы – шетелде туып-өскен қазақ қаламгері. Оның өмірі өз ұлтының қадір-қасиетін ерекше қастелеген үлкен үлгі-өнегеден түзілгендей. Ол небәрі үшінші сыныпты қазақ тілінде бітіріп, басқандай барлық оқу орындарын моңғол тілінде тәмамдаған. Қаршадайынан қазақ ортасынан жырақта өмір сүріп, 1992 жылы атажұрты-Қазақстанға оралған екен. Моңғолия орталық Жастар одағына жауапты қызметкер, Моңғолия жасөспірімдеріне арналған «Залгамжаагч» («Мұрагер») әдеби-көркем журналының жауапты хатшысы, Моңғолия Жазушылар одағында Моңғолия қазақ әдебиетін және жас жазушылар ісін басқарған кеңесші, басқарма мүшесі, Алматыдағы «Моңғолия үкіметі ақпарат газетінің» меншікті тілшісі болып көп жылдар қызмет атқарған.

Жамлиха Шалұлы – екі елдің тілі мен әдебиетін тел емген қазақ диаспорасының дарынды өкілінің бірі. Оның «Қара шаңырақ» романы «Шілденің аптап күні», «Күн серігі», «Тау өзенінің тасқыны», «Махаббат хикаялары» сияқты прозалық кітаптары, «Алтай тынысы», «Тау нұры», «Сарқырамаға күн салқындайды» сияқты поэзия жинақтары жарық көрген. Ол Моңғол тілінде де жазатын жазушы: сондықтан да, оның Моңғолия әдебиетінен де алатын сөз орны бар. Ол 30 жыл бойы қазақтың небір дарынды-ларының шығармаларын моңғол тілінде нақышын келтіре сөйлеткен қаламгер. Атап айтқанда, ол Абай, Жамбылдың өлеңдерін, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын, Сәбит Мұқановтың «Ботакөз» романын, «Қазақстан ақын-жазушыларының біріккен антологиясы», «Қазақстан балалар жазушыларының әңгімелер жинағы», Жұбан Молдағалиев, Қадыр Мырзалиевтің өлең, поэмалар жинағын тәржімелегені ерекше орын алады. Моңғолия қазақтары да, талантқа кенде емес. Ж.Шалұлының солардың 20-дай жинағын моңғол тіліне тәржімалағанының өзі бір төбе. Моңғолия қазақ әдебиетінің өсу жолында оның қажымай-талмай сіңірген еңбегі айрықша бағаланады.

Жамлиха Шалұлы көштің алғашқы легімен атажұртқа оралып, егемен елдің келешегін насихаттауға сүбелі үлес қосқаны баршамызға мәлім [10].

Серікбай Жуанғанұлы - Моңғолия қазақтарынан шыққан алғашқы Еңбек Ері атағына ие болған қазақ азаматы. 1906 жылы Тұлба сұмыны елді мекенінде дүниеге келген. Моңғолиядағы колхоздастыру қозғалысының алғашқы қайраткерлерінің бірі. 1961 жылдан өз жүрек қалауымен шопан болып, еңбекте озық үлгі көрсеткен. Ол тек мал шаруашылығымен айналысумен қатар, қоғам қайраткері ретінде елге танымал. Ұлы халық хуралының депутаттығына екі мәрте сайланған және Ұлы хурал төрағасының орынбасары болған. Моңғолияның мемлекет және партия қайраткері әрі көсемі Юмжагий Цеденбалмен етене дос болған азамат. 1965 жылы Моңғол елінің Еңбек Ері атағына ие болған.

Шет елдерде жүріп ерен еңбектерімен елге танылған Моңғолиядағы қазақтар: М.Ахан, А.Зәйтін, Н.Зәлел, А.Орныкбай, Х.Солтан, С.Шоя, Р.Шәкей, Ч.Чанкей, Ш.Ұлболған, Н.Сарбас, Х.Сембай, А.Омарбек, Р.Шаймардан, А.Байсолтан Еңбек Ері атағына ие болып, азғантай қазақтың абырой-даңқын арттырды. Моңғолия елінің экономикалық және мәдени дамуына үлес қосқан қазақ ұлтының өкілдерінің еңбек үрдісін бүгінгі ұрпақтары жалғастырып келеді [3].

Халық ауызында «Шүйкі Шәжиннің Шайзадасы» аталып, аты аңызға айналған Шайзада елге еңбек сіңірген заңгер, революциялық қозғалыстың ардагері 1914 жылы Дэлун елді мекенінде туылған. Өмір жолын ұстаздық етуден бастайды. 1944 жылы өмірінің соңғы жылдарына дейін аймақтық құқық қорғау органдарында түрлі қызметтер атқарды. Бұлай аймақтық заң, әділет орындарын жолға қою үшін жанталаспен өткен жылдар еді. Шәкең осы жылдары көптеген қазақ жастарын заңгерлікке тәрбиеледі. Үкімет оның еңбегін жоғары бағалап, 1971 жылы «Елге еңбек сіңірген заңгер» атағын берді. Ол адал заңгер ретінде халықтың есінде қалды [3].

Моңғолияның Баян-Өлгий аумағының Өлгий қаласына жасаған сапарымызда қандастарымыздың ұлттық дәстүрді ұлағаттап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырғанына куә болдық. Халық ата кәсіпті ұмыт қалдырмаған. Мекен етіп отырған халық мал шаруашылығы, егіншілік, киіз үй мәдениеті, қолөнершілік, зергерлік тағысын тағы қаз қалпында атадан балаға мұра етіп қалдыруда. Бір байқағанымыз қазақтың әр үйінде домбырасы мен сыбызғысы ілулі тұр. Бұл аймақтағы музыка өнерінің жақсы сақталғанын көрсетеді. Ән-күй өнерінде өзіңдік жол қалыптастырған қазақ азаматының бірі – Байысхан Рәпілұлы. Күйші, 1904 жылы Баян-Өлгий аймағы, Бұлғын сұмының Үш кезең деген жерінде дүниеге келген.

«Бейбіт өмір», «Шаттық жыры», «Домбыра жыры», «Бұлбұл» қатарлы 20-дан астам күйлерін шебер орындайтын күйші болған. 1958 жылы «Баян-Өлгийдің саңлақ күйшісі» атанған. Өкінішке орай саңлақ күйшінің ғұмыры 1967 жылы өмірден өтті [3].

Алтай, Қобдаға аты мәлім сыбызғышы Құмақай Шамғынұлы 1904 жылы Баян-Өлгийдің Дэлун өлкесінде туылған. Үш атадан бері сыбызғышы. Алтайда Батыр Оспанның алдында сыбызғышы Құрышпен бәсекеге түсіп жеңіп, алған қасқыр ішігін Оспанның өз иығына жауыпты. Осы сайысқа Қобда күйшілері Байысхан мен Өскерхан да қатысқан. Атақты «Аяулы ана», «Кең жайлау» күйінің авторы. Халықтың 100-ден аса күйлерін сыбызғыда ойнаған. 1954 жылы қайтыс болды [3].

Құмақайдың шәкірті Сауыржанұлы Төтай, Құмақайдың өз ұлы Қ.Кәлек те Маңғолиядағы қазақ арасынан шыққан белгілі сыбызғышы, мәдениет саласында қажырлы еңбек жасады. Қабыкей Ақмерұлы - Моңғолияның еңбек сіңірген әртісі, Баян-Өлгий музыка мәдениетінің негізін қалаушылардың бірі, белгілі сазгер, күйші-домбырашы. Баян-Өлгий аймағы Бұлғын сұмыны елді мекенінде 1927 жылы туылған. Алматыда әйгілі дирижер Шамгон Қажығалиев, күйші Әзидолда Есқалиев, сазгер Нұрғиса Тілендиев, Х.Тастанов тәрізді шеберлерден дәріс алған. Баян-Өлгий қазақ театрының алғашқы әртістерінің бірі, театрдың ұлт аспаптар ансамблінің негізін қалаушы, алғашқы дирижері. Бірнеше музыкалық поэма туындылары мен күйлердің авторы.

Қабыкей Ақмерұлының «Аққу көлі», «Сөңкіл көл», «Сары ала қаз», «Асау күрті», «Құлжа кер», «Толқынды сұмды айырық» күйлері көпке мәлім, тыңдаушының көңіліне жақын. Қабыкей халық ән-күйлерінің қамқоршысы. Ол 1976 жылы «Халық күйлері» (120 күй), 1981 жылы «Қазақтың 300 әні» жинағын шығарды. 1983 жылы Баян-Өлгийде жарық көрген «Моңғолия қазақтарының халық әндері» атты жинақтың бір авторы [3].

Жоғарыда аталып өткен Маңғолия қазақтарынан шыққан белгілі қоғам қайраткерлері қоғам өміріне белсене араласуымен қатар, қазақтың ұлттық мәдениетін дамытуға үлес қосқан тұлғалар болып саналады.

Қорытынды. Тарихи Отанынан шалғайда өмір сүргенімен қазақы мәдениетті, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңірген олардың төл мәдениетіміздің ұмыт бола бастаған тұстарын толықтыруға, жандандыруға қазақтан шыққан көрнекті тұлғалар өзіндік үлестерін қосуда. Әрбір халықтың дүниежүзілік кеңістікте өмір сүру салтындағы өзгешеліктер жалпы дүниежүзілік тарихтың даму үрдісін, ішкі тұтастығын, жалпы жүйесін бұзбайды. Сондықтан жалпы шетелдердегі қазақ диаспорасының құндылықтық әлемі мәселесінің қазіргі таңдағы ең зәруліктегі әлеуметтік-мәдени және дүниетанымдық қырлары бар.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздікті алған жылдардан бастап шет жердегі қазақтар тарихи Отанына орала бастады. Тәуелсіздік бізге ұлттық, аймақтық және жаһандық өлшемде шексіз жауапкершілік жүгін артты. Қандастарын Отанына оралту жағынан Қазақстан – Орталық Азияда да, Түркі мемлекеттері арасында да көшбасшы мемлекет. Бірақ алты-жеті миллион қазақтың әлі де шетелдерде жүргенін ескерсек, еліміздің көші-қон саясатының маңыздылығы мен көтерер жүгінің әлі де ауыр екені белгілі. Біз Отанға оралған қазақтар үшін қаншалықты қуансақ, арғы бетте қалған қандастарымыздың ертеңгі тағдыры үшін алаңдаймыз.

Тарихи Отанына Ұлы көшті бастаған Моңғолия қазақтары бүгінгі күні Қазақстанның барлық өңірлерінде, облыс, аймақтарында өмір сүріп жатыр. Қазақ елінен тыс жерде өмір сүріп жатса да, Моңғолия қазақтары рухани, мәдени жағынан Қазақстанмен тығыз байланыста болды. Атап айтар болсақ, Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында оқып, білім алғандар да баршылық еді. Қазақстаннан келген мамандар Баян – Өлгей аймағы құрылған күннен бастап оқу, білім, денсаулық және өнер саласының өркендеуіне белсене ат салысты.

Қазіргі кезеңде еліміздің тарихшылары төл тарихымыздың қыры мен сырын күрделі түрде қайта қарап, зерделеуде. Қазақтың Моңғолиядағы бір бөлімнің тегін тектеп, жоғын жоқтауға тырысқан бұл қадамымыз ата тарихымыздың бір кемтігін толтыруға жарап жатса біздің үмітіміздің ақталғаны.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қозғамбаева Г.Б. Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы: өткені мен бүгіні: монография / Б.Г.Қозғамбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 202 б.
2. Қабышұлы И. Моңғолиядағы қазақтар / И.Қабышұлы. – Баян-Өлгий: Өлгий, 1980. – 245 б.
3. Қинаятұлы З. Моңғолиядағы қазақтар. -Алматы: Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы, 2001. – 320 б.
4. Мініс Әбілтайұлы // Қазақ елі газеті, 1997. - №13(89). – Б. 1
5. Бәзілхан Бұқатұлы // Қазақ елі газеті, 1997. - №16(92). - Б. 1
6. Зұқа Жапарұлы // Қазақ елі газеті, 1997. - №23 (99). - Б. 1
7. Мағауия Сұлтанаяұлы // Қазақ елі газеті, 1997. - №26 (102). - Б. 1
8. Жағда Бабалықұлы // Қазақ елі газеті, 1997. - №29 (105). - Б. 1
9. Уатқан Жарқынбайұлы // Қазақ елі газеті, 1997. - №6 (82). - Б. 1
10. Жамлиха Шалұлы // Қазақ елі газеті, 1997. - №8 (84). - Б. 1

References:

1. *Kozgambaeva G.B. History of Kazakh diaspora in Mongolia: past and present: monograph / G.B. Kozgambaeva. - Almaty: Kazakh University, 2017. - 202 p.*
2. *Kabyshuly I. Kazakhs in Mongolia / I. Kabyshuly. - Bayan-Ulgii: Ulgii, 1980. - 245 p.*
3. *Kinayatuly Z. Kazakhs in Mongolia. - Almaty: Association of World Kazakhs, 2001. - 320 p.*
4. *Minis Abiltayuly // Kazakh country newspaper, 1997. - №13(89). - P. 1*
5. *Bazilkhan Bukatuly // Kazakh country newspaper, 1997. - №16(92). - P. 1*
6. *Zuka Zhaparuly // Kazakh country newspaper, 1997. - №23 (99). - P. 1*
7. *Magaiya Sultaniyaulы // Kazakh country newspaper, 1997. - №26 (102). - P. 1*
8. *Zhagda Babalykuly // Kazakh country newspaper, 1997. - №29 (105). - P. 1*
9. *Uatqan Zharkynbayuly // Kazakh country newspaper, 1997. - №6 (82). - P. 1*
10. *Zhamlikha Shaluly // Kazakh country newspaper, 1997. - №8 (84). - P. 1*